

**«Отпан» МКҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі
талдау бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

(қарау және шешім қабылдау үшін енгізіледі)

Ақтау қаласы

31 мамыр 2023 жыл

«Отпан» МКҚК (бұдан әрі – кәсіпорын) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ кәсіпорын туралы Ережені басшылыққа алады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТТ) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығы негізінде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің мерзімі – 2023 жылғы 2 мамырдан 2023 жылғы 31 мамырға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу жауапты жұмыс тобының құрамы:

Жұмыс тобының жетекшісі: Директор орынбасары – Р.Тұрар

Жұмыс тобының хатшысы: Кәсіпорынның кадр жөніндегі инспекторы –
Л.Базарбаева

Жұмыс тобының мүшелері: Кәсіпорын бас есепшісі – Т.Ризаева
Кәсіпорын маманы – Р.Қаржаубаева
Кәсіпорын маманы – А.Смағұлова

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1) персоналды басқару, оның ішінде СЖТ шалдыққан лауазымдарды айқындау;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) мемлекеттік қызмет көрсету;

4) бюджет және қаржы-қаражатын игеру және бөлу;

5) мемлекеттік сатып алу;

6) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

7) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың мақсаты – «Отпан» кәсіпорнындағы сыбайластық қатерлерін туындатуы мүмкін құқықтық пен есептік және кадрлық бұрмалаушылықтардың алдын алып, олардың орын алуына ықпал жасайтын себептер мен салдарларды жою жайында тиісті шаралар қабылдау. Жұмысшы топ өз міндеттерін орындау үшін 4 рет отырыс өткізіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермей, алдын-ала қызмет ұйымдастыру мәселелері жайында пікірлесіп, тапсырмалар мен алдағы атқарылатын жұмыстарды айқындады. Жоғарыда айтылған мәселелер мен сұрақтарды қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының тиісті заңдары мен нормативтік ережелері және нормативтік актілеріне, Үкімет қаулылары мен салалық бұйрықтарына сайма-сайлығы сараланды.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. Персоналды басқару, оның ішінде СЖТ шалдыққан лауазымдарды айқындау.

«Отпан» МКҚК персоналды басқарудың 01.06-31.12.2022ж, 01.01-31.03.2023 жылдар аралығы қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Зерделеу барысында кәсіпорынның жеке және негізгі құрамы, іссапар бұйрықтары мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек өтілін есептеу хаттамалары, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен т.б. құжаттары қаралды.

Мекемеде барлығы 35 штаттық қызмет орны, нақты жұмыскерлер саны – 28 адам, оның 17 адамы – қызметкерлер, 11 адамы – көмекші персонал. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасында ерлі-зайыптылар, жақын туыс адамдар бір-біріне бағыныштылығы жоқ.

Кәсіпорында 01.06.2022 – 31.12.2022 жыл аралығы бойынша ҚР Еңбек кодексіне сәйкес 67 жеке құрам бұйрықтар: оның ішінде еңбек демалысын беру, қызметін ауыстыру, жалақы сақталмайтын демалыс, лауазымды қоса атқару, жұмысқа қабылдау, жұмыстан өз еркімен босату туралы бұйрықтар шығарылған.

Жұмысқа қабылданған жұмыскерлер тізімі:

- 1). Н.Селбаев – жүргізуші (01.07.2022 жылғы № 56 ж/қ бұйрығы)
- 2). А.Смағұлова - жарты бірлік мемлекеттік сатып алу жөніндегі маманы (01.11.2022 жылғы №94 ж/қ бұйрығы)
- 3). Н.Сәбет - жүргізуші (15.11.2022 жылғы №97 ж/қ бұйрығымен)
- 4). Г.Косимова – еден жуушы (01.12.2022 жылғы №107 ж/қ бұйрығымен)

Өз еркімен жұмыстан босатылған жұмыскерлер тізімі:

- 1). Ж.Ерсайын – жүргізуші (11.07.2022 жылғы № 59 ж/қ бұйрығы)
- 2). А.Таджикараева – бұқаралық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі маманы (08.09.2022 жылғы №77 ж/қ бұйрығы)
- 3). Ж.Болатбек - экскурсовод (07.10.2022 жылғы №84 ж/қ бұйрығымен)

4). Г.Косимова – еден жуушы (31.10.2022 жылғы №91 ж/қ бұйрығымен)

Кәсіпорын экономисі Г.Нурсултанова 01.11.2022 жылғы №93 ж/қ бұйрығымен жүктілікке және босануға байланысты демалысқа жіберілген.

Кәсіпорында 01.01.- 31.03.2023 жыл аралығында ҚР Еңбек кодексінің 34 бабына сәйкес жұмысшы, 2 бірлік экскурсовод лауазымына жұмыскерлер қабылданды. Бұлардан басқа қызметін ауыстыру, пайдаланбаған еңбек демалыс күндерін алу, лауазымды қоса атқару туралы бұйрықтар шығарылған. Кәсіпорын экономист Г.Нурсултанова бала күтіміне байланысты декреттік демалысқа 07.03.2023 жылғы № 23 ж/қ бұйрығымен жіберілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына және облыстық мәдениет басқармасының рұқсатымен кәсіпорын жұмыскерлеріне мерекелерге орай үнемделген қаражат есебінен сыйақылар берілген.

Персоналды басқару жұмыстарын талдағанда, заңдылық пен ережелерге қайшы қызметкерлерді жұмысқа алу және жұмыстан шығару қателіктері кездеспеді. Қызметкерлердің құжаттары бұйрықтар негізі мен біліктіліктеріне сәйкес жасақталған.

Қазіргі таңда кәсіпорынның қолданыстағы ғимараттары Адай ата кесенесі 136,7 ш.м., Ақсарай музейі 1348,4 ш.м., үш бөлмелі екі пәтер 235,96 ш.м. және «Қарашаңырақ» нысаны 705,5 ш.м. **барлығы 2426,56 ш.м.** құрайды. Ал кешеннің аумағы 55,25 га жерді алып жатыр.

Осыған орай ғимараттарға қызмет көрсету бойынша қосымша шаруашылықпен қамтамасыз ету қызметкерлері қажет етіледі:

1. Бағбан (садовник). Тас жолдан бастап кешен аралығында: Кіре-беріс қақпа жанында - 206 түп ағаш (кв.м.), Қарашаңырақ алаңында - 38 түп ағаш, екі пәтердің жанында - 10 түп ағаш, Ақсарай музей жанында - 70 түп ағаш, Адай-ата кесене жанында - 10 түп ағаш; барлығы қазіргі таңда 334 түп ағаш және 2023 жылы 100 тал егілген болатын. Сонымен бірге гүл егетін алаңдар бар және жыл сайын көктемде ағаштар отырғызылып саны өсуде. Әрбір тал отырылғызылған ғимараттардың арасындағы қашықтықтары алшақ болуына және күтім көрсететін талдардың көптігіне байланысты қазіргі 1 бірлік бағбанға **қосымша 2 бірлік бағбан** қажет етіледі.

2. Аула сыпырушы (дворник). 2022 жылдың сәуір айынан бастап кәсіпорынның 1 бірлік жүргізушісінің орнына (ПАЗ-32053 есептен шығарылуына байланысты) 1 бірлік аула сыпырушы қызметі штатта өзгертілді. Алайда осы күнге дейін кешен аумағын: соның ішінде ғимараттар тұрған аймақтарды, айналасындағы сайларды тазалау кешеннің техникалық қызметкерлері, кешен мамандары тегін атқарып келген болатын. Кешен аумағын ескере отырып және ғимараттарға қызмет көрсету бойынша бұл бірлік аз, **қосымша 3 бірлік аула сыпырушы** қажет етіледі.

3. **Жұмысшы.** Осы күнге дейін кәсіпорын штатында 2 бірлік жұмысшы қарастырылған. Қажеттілігіне қарай әр ғимаратқа 1 жұмысшыдан есептейтін болса, кешенде 4 ғимарат (Ақсарай музейі, Адай ата кесенесі, Қарашаңырақ ғимараты, қызметкерлер үйі) орналасқандықтан қазіргі таңдағы 2 бірлік жұмысшыға **қосымша 2 бірлік жұмысшы** қажет етіледі.

4. **Еден жуушы.** Кешендегі барлық ғимараттардың ауданы 2426,56 ш.м. Норматив бойынша 1 бірлік еден жуушыға 250 ш.м. тиісті болса, осы аумақтардың толық жуылып тазалануы үшін қазіргі 3 еден жуушы бірлікке **қосымша 6 бірлік еден жуушы** қажет етіледі.

5. **Мұражай қараушысы.** Музей ашылған күннен бастап осы күнге дейін кәсіпорын штатында 6 залға 1 музей қараушысы қарастырылған. Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығына сәйкес қажеттілігіне қарай музей қараушысы 1 залға 1 штат бірлігі есебінен белгіленген. Музей аптаның 7 күнінде де үздіксіз жұмыс істеуіне байланысты ауысымдық кезеңде екінші мұражай қараушысы жетіспейді. Осы экспозициялық залдарының аумағын ескере отырып, музейдің демалыссыз қызмет кезінде қараушыны ауыстыру үшін қазіргі 1 бірлік музей қараушысына **қосымша 5 бірлік музей қараушысы** қажет етіледі.

6. Кәсіпорынның субсидиясы жыл сайын өсуіне байланысты (2019 жылы - 37 202 млн.теңге, 2020 жылы - 43147 млн.теңге, 2021 жылы - 47567 млн.теңге, 2022 жылы - 52677 млн.теңге) штаттағы 0,5 бірлік экономистке ауқымы өте көп. Осыған байланысты қазіргі 0,5 бірлік экономисті **1 бірлік экономистке** толықтыру қажет етіледі.

7. Музейдің демалыссыз келуші қабылдайтынына байланысты жарты бірліктегі кассирдің жұмыс уақыты тиімсіз. Осы күнге дейін жарты бірлікке қызметкер келмеуіне байланысты кәсіпорынның басқа қызметкеріне жүктеуге тура келді. Осыған орай қазіргі 0,5 бірлік билеттік кассирді **1 бірлік билеттік кассирге** толықтыру қажет етіледі.

8. Кәсіпорын хатшысы штаттық кестеде 0,5 бірлікпен қаралған. Ал мекеме күніне 8 сағат қызмет ететіндіктен 0,5 бірліктегі хатшы ешқандай талапқа сай емес. Сондықтан қазіргі 0,5 бірлік хашыны **1 бірлік хатшыға** толықтыру қажет етіледі.

Кәсіпорының штаттық кестесіндегі 3 бірлік күзетші орнына 2 бірлікпен (айлықтың аз болуына байланысты жұмысқа сұраныс жоқ) 2 күзетші жұмыс жасайды: Бекболатов Қ. және Кульчикова А.Күзетшілер ауысымды кестемен жұмыс атқарады. Күзетшілердің міндеті кәсіпорынды күзетуді және ұйым басшысы бекіткен тәртіпке сәйкес жұмыс жасау. Жұмыстан тыс уақытта, демалыс және мереке күндері арнайы тізімді басшылыққа ала отырып, қызметкерлердің қызмет орнына кіруін шектейді. Басшының рұқсатынсыз мүліктер мен материалдық құндылықтарды шығаруға жол берілмеген.

2022 жылдың маусым айынан бері 107 хат кірістеліп, 111 хат шығысталған. Хаттар уақытылы тіркеліп, жауап беріліп отырған.

2023 жылдың 1 тоқсанына 107 хат кірістелді және 95 хат шығысталған. Хаттар директор арқылы орындаушыға беріліп, уақытылы жауап беріліп отырған.

Тәуекел: 1. Кадрлардың сапалылығы – Кәсіпорын дамуы мен табысының басты кепілі десек, оның қазіргі штаттық құрылымы өндірістік қатынастар мен еңбек күштерінің сәйкестігіне оң әсерін тигізбеуде;

ҚР Еңбек кодексінің 139 бабының 1-тармағында: «Азаматтық қызметке кіру ағайындау тәртібімен не конкурс бойынша жүзеге асырылады» делінген.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1017 бұйрығының 2 тарауының 5-тармағы бойынша еңбек әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсыныс енгізу.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

2023 жылдың сәуір айында кәсіпорынның көлік жүргізушісі Н.Селбаев пен «Газель» автокөлігімен қатынайтын жұмыскерлер арасында бірнеше рет түсініспеушіліктер болған. Н.Селбаев кәсіпорын жұмыскерлерінің арасындағы жиналысқа салынып, түсіндірулер жүргізілген. Бірнеше рет қайталанған жайттың нәтижесінде кәсіпорын директоры тарапынан ҚР Еңбек кодексінің 64 бабы 1-тармағы 1-тармақшасына сәйкес Н.Селбаевқа ішкі еңбек тәртібіне бағынбағаны және теріс қылық жасағаны үшін ескерту берілген.

Тәуекел: Кәсіпорынның қызметшілерінің әдеп нормасы бекітілмегені анықталды.

Ұсыныс: Кәсіпорынның әдеп нормасын 31.12.2023 жылға дейін жасақтау және бекіту.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Музей қоры. Музей қорында 31.03.2023 ж есеп бойынша 544 музейлік зат бар, оның ішінде негізгі қорда /КП/ - 236 зат, көмекші қорда /ВФ/ - 308 зат тіркелген.

2022 жылдың 3 және 4 тоқсанында музей қоры өкілдігінің 2 отырысы өткізіліп, 61 зат музей қорына қабылданды.

2023 жылдың 3 ай ішінде музей қоры өкілдігінің 1 отырысы өткізіліп, **10 музейлік затқа** ғылыми сипаттама жасалып, музей қорына (5 – негізгі қорға, 5 – қосымша қорға) қабылданды. Соның ішінен электрондық каталогқа **5 музейлік зат** (картина) енгізілді.

Тарих бөлімінің жұмыстары. 2022-2023 жылдардың маусым – желтоқсан айларында жасалған жұмыстар:

"Сән үлгісі – көркем мінез" атты дәстүрлі және заманауи ұлттық киімдер шеруі өтті. Қонақтар мен көрермендерге республикаға, облысқа танымал сән ательелері мен жеке шеберлер туындыларының топтамасы таныстырылды. Дефилеге Маңғыстау ауданы мен Ақтау қаласынан "Ақбөбек"

ательесі (жетекшісі Ақбөбек Аязханқызы), "Жібек жолы" ательесі (жетекшісі Айнұр Таңбайқызы), "Өнер" ательесі (жетекшісі Феруза Оразғұлқызы), "Сая" ательесі (жетекшісі Сая Жолдасқызы) және республикаға танымал балбармақ шебер Әуес Сағынаева қатысты.

Жеңіс күні қарсаңында **Кеңес Одағының Батыры Ж.Қалдықараевтың 100 жылдығына** орай Ақпан ата ұрпақтарымен батырдың кесенесі жанында шара өтті. Кешен қызметкерлері Ж.Қалдықараевқа арналған көрмеге шолу жасап, шара қатысушыларына таныстырылды. Батыр ұрпақтары кешен мұражайының қорына батырдың **Алтын жұлдызы мен Ленин орденінің** көшірмесін сыйға тартты.

Кешен қызметкерлерінің ұйымдастыруымен және Бұзау ата ұрпақтарының демеушілігімен өнерлі де қайратты, сегіз қырлы бір сырлы жігіттер арасында **"Жігіт сұлтаны – 2022"** атты сайыс болып өтті. Сайысқа ата ұрпақтарының іріктеуінен өткен 7 жігіт қатысты. Сайыс барысында Бас жүлде мен "Жігіт сұлтаны" атағын А.Тайманов, 1-орын "Талантты жігіт" атағын С.Жолдасбай, 2-орын "Шабандоз жігіт" атағын Н.Өтеп, 3-орын "Шебер жігіт" атағын Қ.Жәңгірхан және "Мерген жігіт" атағын М.Қошқарбай иеленді. "Парасатты жігіт" атағымен Н.Асылбеков, «Сұңғыла жігіт» атағымен М.Қойшыбаев ынталандырылды. Жүлдегерлер Бұзау ата ұрпақтары қаржылай сыйлықтармен; кәсіпорын атынан арнайы дипломдармен марапатталды.

Жыңғылды ауылының Мәдениет үйімен бірлесіп **«Биіктік»** атты мәдени-көпшілік **шара** өтті. Шарада гитарамен бард әндері шырқалып, көрермендердің сұрауымен «көше әндері» де айтылды.

«Ескі сүрлеулермен» атты Қарасай ішімен жаяу саяхат жасау шарасына Е.Айшуақұлы атындағы мектептің оқушылары қатысты.

Шайыр селолық мәдениет үйімен бірлескен **"Қайқылардың әнімен, сәйкілердің сәнімен"** атты этнографиялық-сазды шара өтті. Ауылдың ардагерлері мен мекеме және кешен қызметкерлерінің қатысуымен Шайырдан басталған шара Отпанның Қарашаңырақ сахнасында жалғасты. «Адайдың жеті қайқысы» шығармалары орындалып, өңірде өткен қайқылар мен сәйкілер насихатталды.

2023 жылы қаңтар-наурыз айлары:

Халықаралық әйелдер күніне арналған **«Ақ жаулықты аналар»** атты кездесу-шара өтті. Шараға Маңғыстау аудандық «Өрлеу» МКҚК жанынан құрылған халықтық «Ақтілеу» әжелер ансамблінің мүшелері мен Е.Айшуақұлы атындағы орта мектеп оқушылары қатысты.

«Тұсауынды кесейін, күрмеуінді шешейін» атты шарада өлкемізге танымал тұлғалардың сәбилердің тұсауын кесу рәсімі ұйымдастырылды.

2022 жылдың мамыр айынан бастап 2023 жылдың мамыр айына дейінгі осы шаралардың барлық қатысқан адамдар саны: 800 адам, оның ішінде:

ересектер- 450

студенттер – 40

оқушылар – 81

экскурсия саны - 21

Көпшілік-экскурсия бөлімі. 2022-2023 жылдардың маусым – желтоқсан айларында істелген жұмыстар; келушілер саны: жеке келушілер – 2121 адам, тегін келушілер – 2779 адам, экскурсия саны; оның ішінде: ақылы – 161, тегін – 170 экскурсия. Оқылған лекция саны – 2, жасақталған көрме саны – 12, ұйымдастырылып, өткізілген шара саны – 15, ақылы қызметтен түскен қаржы – 898,600 теңгені құраған.

4. Бюджет және қаржы-қаражатын игеру және бөлу

Кәсіпорын жүргізілген талданатын есебі 01.06.2022 жыл 31.03.2023 жыл аралығында 47459000,0 теңге жергілікті бюджеттен берілген қаржының төлемдері ; Оның ішінде қызметкерлердің еңбек жалақысына 38578000,0 теңге. Сонымен қатар салықтарға 3960700,0 теңгесі жұмсалынған , Қызметкерлерге төленген жалақылары мерзімімен, бекітілген төлем ережелері арқылы жүзеге асырылған. Еңбекақыдан ұсталынатын міндетті төлемақылар мен қорларға аударылатын төлемдер мен жарналар да уақытылы жіберілген. Мекемеде қордаланған дебиторлық және кредиторлық берешектер жоқ. Негізгі қорлардың жыл басында 266582144,3 теңге , жыл аяғында 301674631,3 теңгені құрайды амортизациясы : жыл басында 93477154,6, жыл аяғында 103359516,3 құрайды. Алда көрсетілген мерзімдерде, кәсіпорын шығымы тиісінше – 95144800,0 теңге. Кәсіпорынның ағымдағы шотында – көрсетілген мерзімдерде 3 800600,0 теңге. Жарғылық капиталға талданған уақытта өзгеріс болмаған, 1911000 теңге тұрады. Мемлекеттік сатып алу бойынша жоспар бойынша , орындалып , акттерімен, төлем қағаздары уақытылы өткізіліп отырған. Жылдық түгендеу негізгі құралдарға бұйырық бойынша жасалынған . Салық, стат есебтері мерзімімен тапсырылып отырылған .

5. Мемлекеттік сатып алу.

Мемлекеттік сатып алу құжаттарына талдау жасалынғанда, өрескел кемшіліктер орын алғандығы анықталмады. 01.06.2022-31.03.2023 жыл аралығында кәсіпорында мемлекеттік сатып алу бойынша 114 атқарушы қызмет көрсетіп, барлығы 12663519,99 теңгеге (өсімпұл 2867,02) жұмыс жасалған. Олардың ішінде тікелей келісім-шарт арқылы бір көзден жасақталған шарттар:

– «Q-qfin» - "qfin" порталы шеңберінде бюджеттік жоспарлау процестерін автоматтандыру үшін бағдарламалық қамтамасыз етуге қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер көрсету - 360 000 теңге;

- «Қазпошта» АҚ - журналдар мен газеттерге жазылу-72440,56 теңге.

6. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Кәсіпорында ҚР Еңбек Кодексінің 30-бабы 5-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған кәсіпорын жұмыскерлері: Қ.Ізімбергенова, Т.Мәстекбаев, Н.Түркпенбаевалармен еңбек шарты 31.12.2023 жылға дейін жасақталған. Кәсіпорындағы бос лауазымдық орындарға ҚР Еңбек кодексінің 111 бабының 2-тармағы 1-тармақшасына сәйкес кәсіпорын жұмыскерлері: М.Ерғазиевке, Н.Селбаевқа, Н.Сәбетке, Қ.Бекболатовқа, Г.Шораеваға, Б.Советовқа, Ж.Кендірбаеваға, Г.Косимоваға және М.Диновқа еңбек міндеттерін қосып атқарға шарттар жасақталған. Себебі, кәсіпорын С,Д, Р санаттағы жұмыскерлерінің жалақысының мөлшері өте төмен және негізгі жұмыс орны елдімекеннен тыс жерде орналасқандықтан бос лауазымдарға жұмысқа келушілер болмағандықтан .

7. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру

СЖТІТ кәсіпорынның 01.06-31.12.2022ж, 01.01-31.03.2023 жылдар аралығындағы кезеңде жұмыскерге сыйақы беру рет жүзеге асырылған: 2022 жылы: – Республика күнін орай кәсіпорын қызметкерлеріне лауазымдық қызметіне қарай, 15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай кәсіпорынның қаржы жөніндегі жұмыскерлеріне тең мөлшерде, ҚР Тәуелсіздік күніне және Жаңа жыл мерекелеріне де жалақыларының пайыздық мөлшерлемесі бойынша сыйақы әділ берілген.

2023 жылы: – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай кәсіпорындағы әйел азаматшаларға бір мөлшерде сыйақы берілген. 22-наурыз – Ұлыстың ұлы күні мерекесіне үнемделген қаржыдан кәсіпорынның тәртіптік жазасы жоқ жұмыскерлеріне жалақысының пайыздық мөлшерлемесі бойынша сыйақы теңдей бөлініп берілген. Сыйақы беруде ешқандай заң бұзушылық анықталған жоқ.

Қорыта келгенде кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Жұмысшы тобының айқындаған тәуекелдері:

1. Кадрлардың сапалылығы – Кәсіпорын дамуы мен табысының басты кепілі десек, оның қазіргі штаттық құрылымы өндірістік қатынастар мен еңбек күштерінің сәйкестігіне оң әсерін тигізбеуде;

2. ҚР Еңбек кодексінің 139 бабының 1-тармағында: «Азаматтық қызметке кіру ағайындау тәртібімен не конкурс бойынша жүзеге асырылады» делінген.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1017 бұйрығының 2 тарауының 5-тармағы бойынша еңбек әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсыныс енгізу.

3. Кәсіпорынның қызметшілерінің әдеп нормасы бекітілмегені анықталды.

4. Қызметкерлердің негізінің күнделікті жұмыс орны – «Адай ата-Отпан тау» кешеніндегі еңбек жағдайы олардың қызметтік міндетін атқаруға сай келмейді. Кешенде интернет желісінің толқыны ашық қабылданбауынан байланыс жоқ, кешеннің облыс және аудан орталықтарынан, елдімекендерден шалғайда орналасуына байланысты кейбір шараларға келушілер саны аз.

5. Негізгі жұмыскерлердің қосымша қызметті қосып атқару кей жағдайларда жұмыстың уақтылы орындалмауына тіреледі.

Баяндалғанның негізінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және оның алдын алу мақсатында:

- осы анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей енгізілген ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары (одан әрі - Жоспар) әзірленсін және бекітілсін;

- Жоспардың орындалысы туралы ақпарат ағымдағы жылдың 20 желтоқсанына дейін Жұмыс тобына ұсынылсын.

Жұмыс тобының жетекшісі:

 Р.Тұрар

Жұмыс тобының хатшысы:

 Л.Базарбаева

Жұмыс тобының мүшелері:

 Т.Ризаева

 Р.Қаржаубаева

 А.Смағулова